

ӘОЖ 342.1

Б.Т. Ауешова

Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ доценті, Қазақстан, Ақтау қ.  
e-mail: baueshova@mail.ru

### Қазақстанның Ресейге қосылу барысындағы қылмыстық заңнамадағы өзгерістер

Ғылыми жұмыстың мақсатына сәйкес Қазақстанның Ресейге қосылу барысындағы қылмыстық нормалар жиынтығы қарастырылады. Зерттеу барысында анықталған мәселелер бойынша сол кездегі заңнаманың кемшіліктеріне тоқталып, талқылау жасалады. Зерттеу барысында дәстүрлі құқықтық нормалардың жаңа патшалық ережелері арқылы өзгеріске енуі қазақ қоғамындағы қылмыстық жүйенің отаршыл саясатына бейімделгенін дәлелдейді.

**Түйін сөздер:** қылмыс, норма, заң, ереже, саясат, құқықтық норма.

B.T. Aueshova

#### Changes in a criminal statute during Kazakhstan to Russia

In accordance with the aim of research in the article the criminal is examined legislation during tacking of Kazakhstan to Russia. During research the special attention is spared to the imperial legislation and Kazakh ordinary right. During the analysis of imperial legislation opinion is grounded, that legal system of Kazakh society and his norm lost the meaningfulness also changed fully.

**Key words:** crime, norm, law, charter, politics, legal norm.

Б.Т. Ауешова

#### Изменения в уголовном законодательстве в ходе присоединения Казахстана к России

В соответствии с целью исследования в статье рассматривается уголовное законодательство в ходе присоединения Казахстана к России. В ходе исследования особое внимание уделяется имперскому законодательству и казахскому обычному праву. В ходе анализа имперского законодательства обосновывается мнение, что правовая система казахского общества и его нормы теряли свою значимость, а также полностью изменились.

**Ключевые слова:** преступление, норма, закон, устав, политика, правовая норма.

Қазақстан Республикасы егемендік алып, оның саяси тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін жағдай түбегейлі өзгереді. Қазақ халқы бүгінгісі мен болашағына ғана емес, өткен тарихына да жаңа тұғыр, тың көзқарас тұрғысынан қарай бастады. Егемендік, тәуелсіздік, ұлттық мемлекет идеялары қоғамдық өмірдің барлық салалары, оның ішінде, мемлекеттік құрылыс және құқықтық жүйе арналарында да жаңа леп алып келді. Ондай ұлттық ерекшеліктер мен ұлттық құндылықтарды көрсетудің бір құралы ретінде Қазақстан Республикасы халықтарының басым бөлігі ұстанатын мұсылмандық сенім және халықтың түпкі тамырын, ұлт ретінде пайда

болу кезіндегі ерекшелігін білдіретін әдет-ғұрып құқығы танылады.

Сондай-ақ әдет-ғұрып заңдарының да институттары оған байланысты ережелерін ой елегінен өткізу, оның жағымды жақтарын іске жарату мүмкіндігін қарастыру жеке ғылыми зерттеуді талап ететін өзекті мәселе болып табылады.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы қоғам өміріндегі адам аралық қатынастарды реттеуге арналған, барлық жұртқа ортақ нормалар жүйесі болып табылады.

Қазақтың дәстүрлі құқығындағы «қылмыс» ұғымына Қазақстанға VIII ғасырдан бас-

тап енген мұсылмандық құқық нормалары да өзіндік ықпалын тигізді. Дәстүрлі құқық нормаларының құрамдас бөлігі ретінде қаралған дінге қарсы қылмыс түрлері шектеулі ғана енді. Ол мемлекеттік қылмыс сипатынан гөрі діни қағида ережелерін бұзған салт-сана ұғымымен шектелді. Қазақ халқының арасында қалыптасқан көзқарас бойынша дін қағидасын сыйламай, оның тәртібіне бой ұрмай «жаман қылық» жасап, күнәға батқан адамдар, құдайға қарсы келген имансыздар деп саналған. Қылмыстың мұндай заңдылық ұғымы діни имандылық тәртібімен араласып, қоғамдық көзқарастағы дінге қарсы қылмыстардың жеке түрлері бойынша халық арасында және отбасындағы қарым-қатынастарда орын алып келді.

Жалпы дәстүрлі қазақ құқығында қылмыстың айқын түсінігі орын алмаған. Қылмысты ел ішінде теріс әрекет “ата жолынан аттау” деген теңеулермен бағалап отырды [1].

Қазақ әдет-ғұрып құқығы нормаларының өзгеріске түсуіне орыс қоғамы қондырмасының мемлекеттік-құқықтық бөлімі өте күшті әсер етті. Қазақстан Ресейге қосылуының бастапқы кезеңінен бастап патша үкіметі қазақтардың патриархалдық-феодалдық қатынастарын реттеуде басымдық танытқан және де әдеттік-құқықтық нормаларды бұзуды тиімсіз және мүмкін емес іс деп тапты. Ол Қазақстанда қолданылып жүрген әдеттік құқықтық нормаларды тек өзінің отаршыл саясатына бейімдеп пайдалануға тырысты.

Сол негізде осыған сүйене отырып, патша үкіметі қазақ әдет-ғұрып құқықтарын Қазақстанда қолданылып жүрген құқықтың қайнар көздерінің бірі ретінде ресми түрде танылды.

XVIII ғасырдың 80-жылдарында патша үкіметі Қазақстанның Кіші және Орта жүздерінің әкімшілік-соттық құрылымы бойынша маңызды шаралар өткізуді бастамақ болған кезде, қазақ әдет-ғұрып құқығының нормаларымен толығырақ танысуға, сол нормалар туралы керек деректерді жинауға оларға нақты қажеттілік туды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін II Екатеринаның 1778 жылғы 30 сәуірдегі жарлығымен Орынбор өлкесінің басқармасына «қырғыздардың әдет-ғұрыптары негізінде жинақ құрастыру» тапсырылды. Сонымен патша үкіметінің «Сібір қырғыздары туралы жарғы» (1822 ж.) негізінде жүргізген әкімшілік

соттық реформасы қазақ әдет-ғұрып құқығының қолданылу аясына біршама шектеу енгізген алғашқы әрекет болды деуге болады. Дегенмен де 1822 жылғы жарғыға сәйкес қазақтардың әдет-ғұрып құқығы барлық азаматтық істері мен жалпы қылмыстық істерінің басым бөлігі үшін құқықтың қолданыстағы қайнар көзі ретінде мойындалды.

Жарғы жарық көргеннен бастап 1822 жылы XIX ғасыр бойына қазақ әдет-ғұрып құқығы туралы материалдарды жинау мен жүйелеу жұмыстары тұрақты жүргізіліп отырды. Бұл үшін арнайы қомақты қаражат бөлінді, қазақ даласына шекаралас комиссиялардың түрлі шенеуніктері іс сапарға аттандырылды, олар қазақ әдет-ғұрып құқығының нормаларын жазып алумен болды; қазақтардың қарапайым құқығы жинағының жобасын қайта қарайтын ерекше уақытша комитеттер құрылды; қазақ қоғамының феодалдық рулық ақсүйек өкілдерінің басын қосқан әртүрлі жиындар шақырылып талқыланды.

Осы жұмыстардың нәтижесі ретінде жоғарыда аталып өткен қазақ әдет-ғұрып құқығы жинақтары жарық көрді. Бірақ осы жинақтардың бірде-біреуі заң тұрғысында бекітілген жоқ, тек патша әкімшілігі үшін қажетті анықтамалық материал жинақ ретінде қалды. Патша үкіметінің бұл жинақтарды бекітпеу себептерінің бірі әдет-ғұрып құқығының көптеген нормалары патша заңнамасы жүргізетін ұстанымдарға мүлде қарама-қайшы келді. Мәселен, қазақ әдет-ғұрып құқығы нормалары қанды (рулық) кек, құн, айып, барымта, қылмыскерді тергеусіз соттау, қауым мүшелерінің ұжымдық жауапкершілігі секілді патриархалдық-феодалдық қатынастардың әдет-ғұрыптарын қолдануға рұқсат ете береді. Ал патшалық заңнамада қылмыстық нормалары бойынша, атап көрсетілген әдет-ғұрыптарға рұқсат етілмеген, ал кейбір істерді қарағанда (қанды кек, барымта), тіпті, жазаға тартылатын қылмыстар саналатын. Әдет-ғұрып құқығы мен патшалық қылмыстық заңнамасы нормаларының осындай өзара сәйкес келмеуі шаруашылықтың капиталистік жүйесінің пайда болуына және дамуына байланысты болды.

Қазақ әдет-ғұрып құқығы патша үкіметінің заң талаптарын толығымен қанағаттандырмады және сол себепке байланысты «Орынбор қырғыздарын басқару туралы ережені», 1867 және 1868 жылғы Уақытша ережелер, сондай-ақ, басқа да заңдардың негізінде ол қазақ әдет-

ғұрып құқығына әсер ету аясын үнемі шектей түсуге ұмтылды, оны жалпы империялық заң нормаларымен алмастырып отырды.

Мысалы айта кететін болсақ, Сырдария және Жетісу облыстарын басқару (1867) және далалық облыстарды басқару (1868) туралы Уақытша ережелер қабылданғаннан кейін бір немесе уездің өздерінде қаралатын қылмыстық және азаматтық істерді талқылауға шақырылған төтенше құрылтайында істі қарастырар алдында сот ісін жүргізу мен материалдық құқықтық жақтарын шешіп алу дәстүрге айналды. Бұл істер жазбаша түрде жүргізілді және оған құрылтайда талқылауға қатысушы билердің барлығы қол қоятын болды. Бұдан соң «Ереже» деп аталған бұл ережелер жинағы сол құрылтай үшін заң күші бар құжат болып саналды.

Өзінің мазмұны мен формасы жағынан Ереже жазылған заңға көбірек жақындайды. «Қазақ қазылары, – деп жазды А.Зуев, – құрылтайда қаралатын істерді талқыға салар алдында әдетте біздің заң бойынша шешім шығарарда өздері басшылыққа алатын әдет-ғұрып құқығының түрлі ережелерін – әдеттерді бір-бірінің есіне салып отырады және сосын өздері үшін «Ереже» деп аталатын нұсқаушы қаулы түзіп алады, оған әдет-ғұрып құқығының барлық сәйкес тәртіптері мен уағыздары енгізіледі. Бұл қаулы қазылардың сол құрылтайда қолдануы міндетті заң ережелерінің жиынтығы болып шығады» [2].

Жоғарыда аталған құрылтайлардың әрқайсысында сан алуан азаматтық және қылмыстық істер қаралатын болған, олардың ішінде кісі өлтіру, барымта, ұрлық, тонаушылық, қыз алып қашу және тағы басқалар бар еді. Мәселен, 1877 жылдың 16 қазанында өткен Түркістан және Шымкент уездері билерінің Төтенше құрылтайында 437 қылмыстық және азаматтық іс қаралыпты [3].

Билердің әртүрлі төтенше құрылтайларындағы ережелер өзінің мазмұны жағынан үнемі біркелкі бола берген жоқ. Олардың кейбіреуінде сот ісін жүргізудің қылмыстық, сондай-ақ азаматтық құқықтың мәселелері жан-жақты баяндалған. Мәселен, 1885 жылы Шар билерінің төтенше құрылтайында жасалған ереже 74 баптан тұрады, 1893 жылғы Тоқмақ құрылтай ережесі 103 параграфтан, оларды белгілі бір дәрежеде «Әдет-ғұрып құқығының кіші жинағы» деп атаса да болар еді. Оларда сот ісін жүргізудің тәртібі мен соттау туралы, қылмыстық қудалаудың мерзімдік ұзақтығы, қылмысқа бірге

қатысушылардың жауапкершілігі, жазалаудың түрлері мен мөлшері, оның ішінде құн мен айыптың мөлшері, кінәні ауырлататын немесе жеңілдететін жағдайлар баяндалады [4].

Қазақ халқының мемлекеттік тарихында, құқықтық танымы мен санасында халықтың әдет заңының мәдени әлеуметтік, саяси-құқықтық маңызы өте жоғары. Соның арасында Тәуке хан тұсында жүйеге түсіп, қабылданған әдет заңы өз тұсында ел өмірінде өлшеусіз маңызды қызмет атқарды.

«Жеті жарғы» бойынша әрбір қылмыстық іс-әрекет жасаған адамның күнәсіне, жеке басына және жағдайларға қарап әртүрлі жаза түрлері қолданылған. Соның бір түрі – айып. Осы жаза түрінің өзі жеті түрлі және оның қолданылған аясы да кең болғанын Н. Өсеровтың еңбегінен көреміз.

Бірінші айып – «қара нар беру».

Екінші айып – «қара қазан төлеу».

Үшінші айып – «қара мылтық ату».

Төртінші айып – «қара шолақ мылтық ату».

Бесінші айып – «қара кілем ұстау».

Алтыншы айып – «жетім беру».

Жетінші айып – «жеті бастаған тоғыз жөнелту» [5].

Жалпы қарастыратын болсақ қазақтарда ең ауыр қылмыстар қатарына: кісі өлтіру, жезөкшелік, біреудің некелі әйелін ұрлау немесе зорлау, бірнеше дүркін ұрлық жасау жатады.

Осы қылмыстардың түрлерінің арасында кісі өлтіру ең ауыр қылмыстың қатарына жатады, сондықтан да көңіл бөліп қарастырғанды жөн көріп отырмыз. Қазақ қоғамында әдет-ғұрып заңдарына сүйенсек, кісі өлімі тек жақын туыстары үшін ғана емес, бүкіл руластардың, тіпті, қала берді жүздің кегіне айналып отырғандықтан, тек осы істерге жаза тағайындау, құн кесу билерден үлкен тәжірибелілікті, парасаттылықты, ақылдылықты, әділеттілікті талап еткен. Құн мөлшері әр қылмыс үшін әртүрлі болған бұл мәселені С. Зимановтың, Т. Күлтелеевтің, С. Фукстің еңбектерінде нақты қарастырылған. Жоғарыда аталған еңбектерде қылмыс жасаған адамның кінәсін ауырлататын, немесе керісінше жеңілдететін жағдайлар қарастырылған.

Т.М. Күлтелеев өзінің еңбегінде қазақтың әдет құқығында қылмыстың жазасын ауырлататын немесе жеңілдететін жағдайлардың тізімін келтіре отыра Қазақстан Ресейге қосылғаннан кейінгі, яғни XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, бұл қылмыстың өзгерген тізімін

келтіреді. Мысалы, ханға қарсы жасалған қылмыстар өзінің қауымдастығы мен басқа қауымдастықта жасалған қылмыстардың арасындағы айырмашылықтар өзінің маңызын жоғалтты. Отағасының өз отбасы мүшелеріне қарсы жасаған, сол сияқты барымта және тағы басқа жағдайларда жасалған қылмыстың маңызы (кінәні жеңілдету үшін) әлсіреді» деп көрсеткен [6]. Жазаның түрлеріне тоқталатын болсақ денеге зақым келтіру жазасын қолдану кеңестік кезеңде орын алған пікірлер деп санайтын болсақ, соңғы кезеңдегі зерттеулерде де, Тәуке дәуірінде дене мүшесіне зақым келтіретін жазалардың қолданылғандығын сақтайтын ғалымдар да бар.

Осы аталған мәселені арнайы қарастырған Қ. Омарханов былай дейді: “Бұрыннан келе жатқан дәстүрлі құқық заңдарында және Тәуке хан жарғысында айыпкерге жазаның түрі ретінде адамның дене мүшелерінің ішінен бір мүшесін зақымдау шарасы қолданылған. Бірақ көшпелі қоғамдағы имандылыққа негізделген әдет-ғұрыпқа сәйкес жазаның мұндай қатыгез шарасын қолдануға билер соты жол бермеген. Сирек жағдайларда ғана, жеке бастың кегін қайтаруға мүдделі болғанда, жәбірленушіге олардың ағайын туысқандарының талабын қанағаттандыру ретінде рұқсат етілген. Адамның бір мүшесін зақымдау жолымен жаза қолдану ол ежелгі заманнан-ақ қазақтың

дәстүрлі құқығындағы әдет-ғұрып заңының бір нормасы ретінде қалыптасты. Бірақ та бұл заң ережесінің бірнеше тармақтары сақталғанымен, жазалау шарасы ретінде қолданыста өте сирек кездеседі” деп көрсеткен [7]. Айтылған оймен толық келісуге болады. Уақыт бір орында тұрмайды. Сондықтан да қылмысқа қолданылатын жаза да түрленіп, өзгеріп отырады. Бұл үрдісті айып институтын зерттеген Н.Л. Айтқұлова өзінің еңбегінде былай орынды түсіндірген: “В силу традиционного характера казахского права, институт ответственности в обычном праве казахов на протяжении всей истории развития синтезировал в себе древние правовые идеи и принципы. В нем переплетались как идеи возмездия и устрашения, так и идеи морально материального удовлетворения и наказания [8].

Жалпы алғанда, Қазақстанда патшалық Ресейдің отарлық саясатының толық орнауы біріншіден, қазақ даласында ғасырлар бойы қалыптасып келген хандық биліктің құлауына, сұлтандық мұрагерлік институттың қысқа мерзімде енгізіліп, билер сотына тыйым салуы абсолюттік орыс билігінің толық орнауына әкелді. Сөйтіп, бұл қазақ-орыс халықтарының жақындасуына, өзара рухани және мәдени тұрғыдан араласуларына ықпал етпей қоймады. Бұл тарихи құбылысты да жоққа шығаруға болмайды деп айта кетуге болады.

#### Әдебиеттер

- 1 Материалы по казахскому обычному праву. – Алматы, 1998. – Т.1. – 463 с.
- 2 Журнал Министерства юстиции. – 1907. – №2.
- 3 ЦГИА УзССР, ф. 17, д. 3372, л. 27.
- 4 ЦГИА КазССР, ф. 64, д. 2093, л. 7-25.
- 5 Усеров Н.У. Исследования правового памятника «Жеті Жарғы»: автореферат кандидата юридических наук. – Алма-Ата, – 1977. – 30 с.
- 6 Культегелев Т.М. Уголовное обычное право казахов. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1955. – 209 с.
- 7 Омарханов Қ. Қазақ елінің дәстүрлі құқығы. – Астана: 2003. – 280 б.
- 8 Айтқұлова Н.Л. Институт “Айып” в обычном праве казахов: Автореферат диссертации кандидата юридических наук: 12.00.01. – Алматы, 2002. – 30 с.

#### References

- 1 Materials on Kazakh ordinary праву. – Alma-Ata, 1998. – Т.1. – 463 s.
- 2 Magazine of Ministry of justice. – 1907. – №2.
- 3 ЦГИА УзССР, ф. 17, д. 3372, л. 27.
- 4 ЦГИА КазССР, ф. 64, д. 2093, л. 7-25.
- 5 Userov N.U. Researches of legal monument of “Жеті Жарғы”:abstract of thesis of candidate of legal sciences. – Alma-Ata,1977. – 30 s.
- 6 Kultelev T.M. Criminal ordinary law of Kazakhs. Alma-Ata: Publishing house АН КазССР, 1955. – 209 s.
- 7 Omarhanov K. Traditional right country of Kazakhs. it is the Capital: Astana, 2003. – 280s.
- 8 Aitkulova N.L. An institute of “Айып” is in an ordinary right for Kazakhs : Abstract of thesis of dissertation of candidate of legal sciences : 12.00.01. it is Alma-Ata, 2002. – 30 s.